

Талғар ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын 2011-2013 жылдарға белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2011 жылғы 21 қазандағы N 51-307 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Талғар ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 29 қарашада N 2-18-135 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 30 маусымдағы 2014 № 33-183 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының
30.06.2014 № 33-183 шешімімен.
Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Талғар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талғар ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын 2011-2013 жылдарға қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Талғар аудандық мәслихатының 2010 жылы 20 қазандағы № 38-219 "Талғар ауданы бойынша 2010 жылға тіркелген салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 2010 жылы 01 желтоқсанда 2-18-116 нөмірімен тіркелген, аудандық "Талғар" газетінде 2010 жылы 11 желтоқсандағы № 52 (3926) жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің бірінші орынбасары Абдулдаев Бердәулет Ешенұлына және аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық дамыту және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы	М.Ж. Мырзатаев
Аудандық мәслихат хатшысы	Р.М. Ыдралиева

А у д а н д ы қ
 2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 1
 № 51-307 "Талғар ауданы бойынша
 бірыңғай тіркелген салық
 ставкаларын 2011-2013
 жылдарға белгілеу туралы"
 шешіміне қосымша

**Талғар ауданы бойынша 2011-2013 жылдарға арналған бірыңғай
 тіркелген салық ставкаларының мөлшері**

Рет саны	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткішпен)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	11
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	17
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы (боулинг)	20
5	Карт	11
6	Бильярд үстелі	6